

## ГЕРМАНИЯДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАЦИЯ ҮРДСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕЛУІ

\*Меңлібай Е.Қ.<sup>1</sup>, Қобландин Қ.И.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, e-mail: [erkebulanmenglibayev@gmail.com](mailto:erkebulanmenglibayev@gmail.com)

<sup>2</sup> тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасы, Астана қ., Қазақстан, e-mail: [kkalybek@mail.ru](mailto:kkalybek@mail.ru)

**Аңдатпа.** Қазіргі таңда халықаралық қатынастар жүйесі тұрақсыздық жағдайына байланысты жылдам өзгере бастады. Оған Ресей Федерациясы мен Украина, Палестина мен Израиль арасындағы әскери қақтығыстар және Таяу Шығыс аймағындағы басқа да шиеленістер ықпал еткендігін атап өтуіміз қажет. Осы жағдайларды пайдаланып кейбір мемлекеттер шекарасынан тыс аймақтарда диаспорасы тығыз қоныстанған жерлерді өзіне қосып алу саясатын жанама түрде белсенді жүргізуде. Осылайша «титулды ұлтты» қалыптастыру процесі басталып жатыр. Сонымен қатар, ұлттық бірегейліктің жолдарын іздеп, этно-ұлтшылдықтың жаңа толқыны қалыптасып келеді. Бұл ретте, этникалық репатриация саясатын жүргізудің маңыздылығы артты. Бүгінгі күні әлемнің 40-тан астам елі осы бағытта мақсатты, нәтижелі жұмыстарды жүргізіп келеді. Оның ішінде Германия екінші дүниежүзілік соғыстан кейін этникалық көші-қонды ең алғашқылардың бірі болып бастаған болатын. Халықаралық аренада олардың репатриация саясатындағы тәжірибесі оң бағаланады.

Осыған орай, бұл зерттеуде авторлар Германиядағы репатриация саясатының мемлекет тарапынан реттелуіне кешенді талдау жүргізеді. Тарихи отанына қоныс аударушы ұлты неміс тұлғаларды құжаттандыру, бейімдеу және әлеуметтік қолдау бойынша қабылданған ұлттық заңдар мен бағдарламалар зерделенеді. Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар арқылы ұйымдастырылатын интеграциялық жұмыстарға да шолу жасалады. Репатриацияның экономикалық, әлеуметтік салдары қарастырылады. Жалпы, тарихи отанына көшіп келушілерді мемлекеттік қолдаудың барлық сатылары сипатталады. Зерттеу еліндегі этникалық көші-қонның ұйымдастырылуы кезіндегі артықшылықтары мен кемшілі тұстары сараланады. Германияның этникалық репатрианттарды мемлекеттік қолдау бойынша тәжірибесін зерттеудің жалпы ғылыми тәсілдері мен әдістері қолданылды.

**Тірек сөздер:** этника, репатриация, көші-қон, неміс ұлты, кеш қоныс аударушылар, ресейлік немістер, бейімдеу, интеграция, Германия

### Негізгі ережелер

Әлемдік саясатта қазіргі уақытта күтпеген бұрылыстармен қатар әскери қақтығыстар, соғыс жүргізу жағдайына жедел қарулану, саяси-экономикалық және әлеуметтік үрдістер қарқынды түрде жүруде. Көптеген елдер өздерінің территориялық біртұтастығын сақтау және халықаралық саясаттағы ықпалын арттыру мақсатында бірқатар шешуші қадамдар жасауда.

Сонымен қатар, ұлттық бірегейліктің жолдарын іздеу және этно-ұлтшылдықтың жаңа толқын легінің қалыптасуы байқалады. Осы ретте, бүгінгі күні әлемнің көптеген елдері этникалық репатриация саясатын жүргізіп

келеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап этникалық көші-қонды ең алғашқылардың бірі болып Германия мемлекеті қолға ала бастады. Сондықтан, Германияның репатриация саясатын жүргізудегі тәжірибесі мол. Халықаралық деңгейде сарапшылар қауымы мен зерттеуші ғалымдар тарапынан оң бағаланады. Германиядағы этникалық көші-қон бойынша ең танымал зерттеу жұмыстарына Б. Диц пен П. Хилкс (1993), К. Баде мен Дж. Олтмер (2003), И. Мухина (2007), О. Люхтерхандт пен А. Эйсфельд (2008) және Н. Раденбах пен Г. Розенталь (2011, 2012) еңбектерін жатқызуға болады [1, 809 б.].

Жалпы, «репатриация» ұғымына қатысты анықтамаларды кең көлемде кезіктіруге болады. Қысқа мағынада айтқанда, репатриация – бұл азаматтардың тарихи отанына оралу үрдісі.

### **Кіріспе**

Шетелдік ғалымдардың бұған дейін жүргізген зерттеулерінде Германиядағы репатриация саясатына жалпы шолулар жасалған. Атап айтқанда, этникалық көші-қонның құқықтық реттелуі, жергілікті қоғамның қабылдауы және олардың көңіл-күйіне әсері тақырыптарында тұжырымды мақалалар жарияланған. Алайда, репатрианттарды мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау және оларды бейімдеу шаралары туралы ғылыми ортада зерттеулер аз кездеседі. Қоныс аударушылардың тарихи отанына келгеннен бастап азаматтық алып, сәтті интеграцияланғанына дейінгі үрдістерді қамтитын кешенді зерттеулер жүргізілмеген.

*Зерттеудің негізгі мақсаты* – Германия Федеративтік Республикасындағы репатриация саясатының мемлекет тарапынан реттелуін талдау, оның ішінде тарихи отанына қоныс аударушыларды әлеуметтік қолдау, бейімдеу және интеграциялау шараларын зерделеу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін авторлар келесі *міндеттерді* көздейді:

- Германиядағы этникалық көштің тарихнамасына, статистикалық мәліметтеріне талдау жасау;
- репатрианттарды әлеуметтік қолдауға және бейімдеуге бағытталған бағдарламалар мен нормативтік құжаттарды зерттеу;
- репатриация саясатының Германияның әлеуметтік, экономикалық және демографиялық дамуына қосқан үлесін анықтау;
- қоғамдық ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, қазіргі ғылыми-зерттеу тәсілдерін пайдалану.

Бұл мақаланың *ғылыми жаңалығы* зерттеу елінде этникалық көші-қонның алғашқы ұйымдастырылу кезеңінен бастап бүгінгі күнге дейінгі оң тәжірибелерін сараптау және кемшіл тұстарын анықтау, келешекте демографиялық-диаспоралық зерттеулерде қолдану болып табылады.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Германиядағы этникалық репатрианттарды мемлекеттік қолдау кезіндегі тәжірибесін зерделеу кезінде зерттеудің жалпы ғылыми тәсілдері мен әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбын толыққанды ашу үшін осы

елдің құқықтық базасына және мемлекеттік бағдарламаларына сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістері қолданылады.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы репатриацияның алғашқы және кейінгі ұйымдастырылу кезеңдеріндегі өзгерістер мен артықшылықтар анықталатын болады.

Германиядағы жалпы көші-қон саясаты туралы зерттеу жұмыстарын жүргізген кейбір ғалымдардың ғылыми мақалаларындағы пайым-түсініктері мен деректеріне шолу жасалып, талқыланады.

### **Нәтижелері**

Тарихи деректерде Германияға ұлты неміс адамдардың алғашқы көші 1950 жылы басталғандығын растайтын мәліметтер кездеседі. Ең алғашқы заңнамалық құжат 1953 жылы шетелде тұратын отандастардың қайтуына жәрдемдесу және ынталандыру бағытына негізделген *«Қуылған және босқындар туралы» Германияның Федералды Заңы* (Gesetz über die Angelegenheiten der Vertriebenen und Flüchtlinge (Bundesvertriebenengesetz - BVFG)) қабылданған болатын. Аталған заңға кейінгі жылдары ішінара өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырды.

Осы заңның аясында Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағының аумағында тұратын және осы санаттағы мигранттарға ерекше құқықтар беретін неміс ұлтының тұлғаларына Германияға қайта оралуға мүмкіндік берілді. Заңда этникалық немістер деп неміс тілді елдерден тыс тұратын және неміс азаматтығы жоқ ұлты неміс адамдарды атады. 1993 жылдың 1 қаңтарына дейін Германияға қоныс аударған этникалық немістерге қатысты *«қоныс аударушылар»* (Aussiedler) термині қолданылды. Ресей империясы мен Кеңес Одағының немістерін және олардың ұрпақтарын заңда *«ресейлік немістер»* деп атайды. Қазіргі таңда Кеңес Одағынан ыдырап шыққан тәуелсіз мемлекеттердегі неміс ұлтының азаматтарына *«ресейлік немістер»* немесе *«кеш қоныс аударушылар»* (SpätAussiedler) деген термин қолданылады. Бұл мемлекеттік мекемелерде қолданылатын қоныс аударушылардың ресми атаулары.

1950 жылдан бастап Германия Федеративтік Республикасына шамамен 4,5 млн репатрианттар, оның ішінде неміс емес отбасылардың мүшелері қоныстанды. Олардың 2,5 млн 1990 жылдары көшіп келген [2, 105 б.]. Бұл ретте 1980 жылдардың соңына дейін Польша мен Румыниядан қоныс аударушылар басым болды. 1990 жылдан бастап репатрианттардың ең үлкен тобы Кеңес Одағының құрамынан ыдырап шыққан елдерден келе бастады. Осы кезде Германияға 397,0 мың адам қоныс аударып, репатриацияның ең жоғарғы көрсеткіші тіркелген болатын. Кейінгі жылдары қоныс аударушылар санының баяу, бірақ тұрақты құлдырауы байқала бастады. 2000 жылы олардың саны алғаш рет 100 мың адамнан аса алмады. 2011 жылы Германияға тек 2148 адам ғана көшіп келіп, бұл қоныс аударушыларды қабылдау тарихында ең аз көрсеткішті құрады. Оған иммиграциялауға жататын этникалық немістер санының азаюы және оларды қабылдаушы Германия Үкіметі тарапынан жасалған бюрократиялық кедергілер де әсер етті.

Тарихи отанына қоныс аударушылардың басым бөлігі шығыстағы төрт Федеративті аймақта орналасқан. Оларға Солтүстік Рейн-Вестфалия, Баден-Вюртемберг, Бавария, Төменгі Саксония аймақтары жатады. Репатрианттардың бұл аймақтарға көптеп қоныстануының себебі, өз таңдаулары бойынша және жергілікті биліктің иммигранттарды қабылдау мүмкіндіктеріне байланысты болып отыр.

1989 жылы КСРО-да жүргізілген жалпыхалықтық санақтың нәтижесінде 2 038 341 этникалық неміс тұратындығы анықталды [3, 158 б.]. Оның ішінде Қазақстан аумағында 946,9 мың этникалық неміс тұрған [4, 101 б.]. Сондықтан Қазақстаннан Германияға қоныс аударушы этникалық немістердің саны көп болды. Оған дәлел ретінде, 2021 жылы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жүргізген ұлттық санақтың қорытындысы бойынша Қазақстан аумағында 226,0 мың ұлты неміс адамдардың тұратындығы анықталды [5, 6 б.]. Осы ретте, 1989-2021 жылдар аралығында Қазақстаннан 720,9 мың этникалық немістің көшіп кеткенін тұжырымдауға болады.

Германия Үкіметі тарапынан тарихи отанына қайтып келушілерге материалдық және басқа да әлеуметтік жағдай жасау бойынша бірқатар мемлекеттік шаралар қабылданған. 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында Германияға келген иммигранттардың саны бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткішке жетті. Соның салдарынан көші-қон бағдарламасына қатысушылардың қатары көбейіп, Федералдық және муниципалдық бюджеттерге үлкен ауыртпалық салды. Осыған орай, 1990 жылы Федералдық Үкімет «ресейлік немістерді» қабылдауды шектейтін және бақылайтын бірқатар заңдарды бекітті [6, 803 б.].

Германияның Ішкі істер министрлігінің құрамына кіретін *Көші-қон және босқындар жөніндегі федералдық ведомствосы (ВАМФ)* шетелдік азаматтардың көші-қоны, олардың интеграциялануы және шыққан еліне оралуы құзыретіне кіретін басты үкіметтік орган болып табылады. Оның міндеттеріне саяси баспана беру, босқындардың мүдделері мен құқықтарын қорғау, мигранттардың қоғамға интеграциялануына байланысты рәсімдерді ұйымдастыру, контингентті босқындардан (мысалы, бұрынғы КСРО елдерінен келген еврей мигранттары) өтініштерді қарау, мигранттарды шыққан еліне қарай қайтару рәсімдерін жүргізу, көші-қон саласындағы зерттеу жұмыстары, өңірлік (жергілікті) органдармен жұмысты үйлестіру жатады. Өз кезегінде этникалық немістердің Германияға оралуы мәселелерімен 1988 жылдан бастап Үкіметке қарасты *Қоныс аударушылар мен ұлттық азшылықтар істері жөніндегі уәкілі* айналысады [7, 94.].

Сонымен қатар, көшіп-қонушыларды интеграциялау үрдістеріне қатысты өкілеттіліктерді түрлі қоғамдық ұйымдарға бере отырып, мемлекеттің қатысуын барынша азайтты. Мәселен, Берлинде «Ли́ра» (Lyra) атты интеграциялық үй жұмыс жасайды. Ол Берлиндегі жұмысқа орналастыру орталығы жанынан құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. «Ли́ра» үйі Лихтенберг ауданында орналасқан. Кеш қоныс аударушылар мен орыс тілді көшіп келушілердің сәтті бейімделуіне өз қызметін 1996 жылдан

бастап ұсынып келеді. Күнделікті өмір сүру дағдыларын үйретіп, консультациялар өткізеді және мәдени іс-шараларды тұрақты ұйымдастырады.

Ұлты неміс тұлғалар тарихи отанына қоныс аудармас бұрын, ең алдымен тұратын елінен «Кеш қоныс аударушының куәлігіне» үміткер ретінде өтініш береді. Өтініштер бекітілген заңнамаға сәйкес қаралып, нәтижесі бойынша жауап береді. Ал, Германияда жүріп берілген өтініштер ерекше жағдайларда ғана қаралады. Куәлікті алған тұлғалар Германияға қоныс аударуына рұқсат беріледі. Оларға Германияның азаматтығы жеңілдетілген тәртіпте рәсімделеді. «Кеш қоныс аударушы» куәлігі бар адамдар Германия азаматтарының шетелдік отбасы мүшесі құқығында тұра алады. Кейбір жағдайларда орын алатын Германия аумағында қоныс аударудан кейін, қоныс аудару мәртебесін жаңартуына болады. Мәртебені жаңарту Германия аумағындағы немістің зейнетақысымен қамтамасыз ету өлшеміне әсер етеді.

Сонымен қатар, репатрианттар Германия азаматтығын алуға өтініш беру үшін Германия туралы білімін анықтайтын тест тапсырады. Азаматтыққа қабылдау тесті 33 сұрақтан тұрады. Оның кем дегенде 17 сұрағына дұрыс жауап беру қажет. 30 сұрақ «Демократиялық мемлекеттегі өмір», «Тарих және жауапкершілік», «Адам және қоғам» сияқты тақырыптарға арналған. Қалған үш сұрақ қоныстанушы тұратын федералды аймаққа қатысты болады. Атап өтерлігі, Германияда мектеп бітіргендер және денсаулық жағдайына байланысты қабілетсіз адамдар бұл тестті тапсырудан босатылады.

### **Талқылау**

Осы ретте кеш қоныс аударушыларға берілетін құқықтар мен мүмкіндіктерді ұсынатын «Қуылған және босқындар туралы» Федералды Заңына енгізілген өзгерістерге жүргізілген сараптама жұмысының нәтижесі төмендегідей болды:

*Бірінші кезекте*, кеш қоныс аударушы мәртебесіне үміткер үшін елеулі кедергілердің бірі, өзінің неміс халқына деген тұрақты тиесілі жөнінде дәлелдемелерді ұсынуы қажет. Яғни, өзін әрдайым неміс деп санағанын дәлелдеуі керек. Енді жаңа өзгерістерге сәйкес өзінің туған және тұрақты тұратын жеріне жататындығын мойындауы да жеткілікті. Бұл дегеніміз өтініш беруші өзінің туған елінде тұрып, мән-жайлар мен түсініспеушілікке байланысты басқа ұлтты таңдай алатынын білдіреді. Бірақ ол өзін неміс деп санауы керек. Сонымен қатар, үміткер неміс ұлтына жататындығын басқа да формалармен дәлелдеуіне болады. Осы ретте оның нақты қалай екендігі айтылмаған, яғни әркім өз дәлелдерін толық ұсына алады.

Сондай-ақ, неміс тілін білетіндігін емтихан тапсыру арқылы дәлелдей алады. Оның отбасында жүргізілуі міндетті емес. Адам тілді өзіндік үйрену арқылы немесе арнайы курстардан алуы әбден мүмкін. Ең бастысы, ол белгіленген (B1) деңгейге сәйкес келсе болғаны. Бұл деңгей өтініш берушінің неміс тілін түсіну және оны жұмыс немесе оқу орнында қолдануға, саяхатта пайдалануға, түрлі жеке тақырыптарға әңгіме жүргізуге, болған оқиғаларға

түсініктеме беруге, өз ойы мен ниетін білдіруге, түсініктеме беруге мүмкіндігінің бар екендігін болжайды.

Сонымен қатар, заң шығарушы орган «ресейлік немістердің» екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан Германия аумағынан тыс тұруға, өздерінің шыққан тегін жасыруға және неміс тілінде сөйлесе алмай, оны ұрпақтан ұрпаққа тарата алмағандығын ескеретін болады. Басқа отбасылар жан-жаққа таратылғандықтан араларындағы байланыстары үзілген, сол себепті өз балаларына тіл мен дәстүр-салттарын жеткізе алмаған. Іс-әрекетке қабілетсіз және іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылғандар, қандай да бір басқа ауруларға байланысты тілді үйреніп, емтихан тапсыра алмайтын адамдар неміс тілін білуді растаудан толық босатылады.

*Екіншіден*, 2011 жылғы желтоқсанда «Қуылған және босқындар туралы» Федералды Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты барлық отбасы мүшелерінің Германияға бірлесіп келуі талап етілмейді. Бұл ретте өтінішті кеш қоныс аударушының жұбайы, балалары, ата-анасы және басқа да ұрпақтары бере алады. Тек кеш қоныс аударушының жұбайына, балаларына, ата-аналарына және басқа ұрпақтарына А1 (бастапқы білім) деңгейіне сәйкес неміс тілін білу шарты талап етіледі. Кеш қоныс аударушылардың кәмелетке толмаған ұрпақтары емтихан тапсырудан және неміс тілін мектепте оқығандығын дәлелдеуден босатылады. Жоғарыда аталып кеткендей, іс әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі деп танылған және қандай да басқа бір ауруғалар байланысты тілді үйрене алмайтын тұлғаларда толығымен тіл білетіндігін растаудан босатылады.

Егер кеш қоныс аударушы мәртебесін беруден бас тартылса, заңмен белгіленген реттілік бойынша үміткер Германия елінің әкімшілік және сот жүйесіне шағымдана алады.

*Үшіншіден*, Германияға қоныс аударғаннан кейін түрлі себептермен бұрынғы тұрғылықты еліне көшіп кеткен «ресейлік немістер» тарихи отанына қайта қоныс аудару құқығына ие бола алады.

Неміс тілін білмеу (жеткілікті түрде білмеуі) немесе неміс халқына тиесілігін растайтын құжаттардың жеткіліксіздігі (болмауы) себептері бойынша бас тартылған барлық істер қайта қаралуы мүмкін. Алайда, шетелдіктердің істері жөніндегі ведомствасы – бұл істерді өз бастамасы бойынша қайта қарай алмайды. Оған мүдделі тұлға жаңа заң аясында істі қайта қарау туралы өтініш беруі қажет. Мұндай істерді қайта қарау үшін жалғыз шектеу ретінде заң шығарушы олардың санын белгіледі, яғни күнтізбелік жылы 1998 жылы Германияға келген адамдардың санынан аспайтын өтініштер қайта қаралуы мүмкін. Бейресми дереккөздерге сүйенетін болсақ, 1998 жылы Германия еліне бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған елдерден 48-50 мыңдай адамдар шыққан.

Осылайша, заңға аталған өзгерістерді енгізуге Федералды Үкімет органдарына петиция жариялаған қарапайым адамдардың күш-жігері мен табандылығы әсер еткен. Олар билік өкілдеріне репатрианттардың Германияның экономикасына қосқан үлесі мен еңбекқорлығын дәлелдеп,

қоныс аударушыларды интеграциялау бағдарламасын одан әрі дамыту қаншалықты тиімді екендігін сендіре білді.

Репатрианттарды әлеуметтік қолдау шаралары «Қуылған және босқындар туралы» Федералды Заңының 4, 7 және 8-параграфтарының ережелерінде қамтылған. Олар жәрдемақы алуға, зейнеткерлікке шығуға, жұмысқа орналасуға және басқа да игіліктерге құқық алу бөлігінде кеш қоныс аударушылардың мәртебесін айқындайды. Заңға сәйкес кеш қоныс аударушылар тегін интеграциялық курстарға қатысуға, неміс тілін деңгей бойынша үйренуге, Германияның құқықтық жүйесі, мәдениеті мен тарихы туралы білім беруге арналған таныстыру курстарына қатысуға мүмкіндік береді. Интеграциялық курсты аяқтаған соң қатысушылар емтихан тапсырады. Одан сәтті өткен репатрианттарға арнайы сертификат табысталады. Сертификат алған тұлғалар Германия азаматтығын жылдам алуға көмектеседі. Сонымен қатар, Федералды Үкіметтен кеш қоныс аударушыларға бір реттік көмек және көшу шығындарын өтеуге қаржылай қолдаулар көрсетіледі [8]. Бұл ретте жәрдемақы төлеудің егжей-тегжейі Федералдық ішкі істер министрінің директиваларымен анықталады [9].

Сонымен қатар, 1956 жылдың 1 сәуіріне дейін туылған кеш қоныс аударушылар бас бостандығынан айыру орындарында болғаны үшін өз өтініштері бойынша келесі өтемақыларды алуға құқылы:

- 1) ассимиляция үшін жалпы сомасы 4.000 DM ақшалай жәрдемақы;
- 2) 1946 жылдың 1 қаңтарына дейін туылған адамдар үшін бұл жәрдемақы 6.000 DM құрайды.

Тарихи отанына келгендерге материалдық және басқа да әлеуметтік жағдайлар жасау Фридланд (Friedland) лагерінен басталады. Федералды Үкімет кеңес, ағылшын және американдық үш оккупациялық аймақтардың түйіскен жерінде (Төменгі Саксония – британдық, Гессен – американдық және Тюрингия – кеңестік) Фридланд лагері 1945 жылдың 20 қыркүйегінде өз жұмысын бастады. Ол Геттинген қаласынан 15 км жерде орналасқан. Лагердің пошталық мекенжайы: Федералды әкімшілік департаменті - Фридландтың сыртқы істер жөніндегі өкілдігі, Верненцев көшесі, 16, 37133 Фридланд, Германия (Bundesverwaltungsamt - Außenstelle Friedland, Heimkehrerstr. 16, 37133 Friedland, Deutschland). Лагерь Федералды әкімшілік ведомстваға бағынады.

Атап өту қажет бұрын Германия аумағында Фридланд лагері секілді шетелден қоныс аударушы этникалық немістерді қабылдайтын лагерьлердің бірнешеуі болған. Бірақ содан кейін көші-қон ағынының азаюына байланысты жабылып қалған.

Бүгінгі күні тек Фридланд лагері ғана көшіп келушілерді қабылдауда. Репатрианттар лагерьде «кеш қоныс аударушы» куәлігіне бұған дейін алдын ала толтырып жіберген сауалнамадағы ақпараттардың дұрыстығы тексеріледі. Сонымен қатар, жеке құжаттары түгенделіп, сәйкестендіріледі. Еңбек биржасының өкілдерімен әңгімелесуден және 2007 жылдан бастап репатрианттар лагерьде арнайы әзірленген интеграциялық курстардан өтеді. Лагерьде тұру және тамақтану тегін. Егер репатриант неміс тілін білмейтін

болса, оның Германиядағы туысымен лагерьде бірге тұруына рұқсат етіледі. Бұл жерде қоныс аударушылар бір аптадан артық емес уақыт өткізе алады. Лагерь 800-ден аса адамға есептелген. Олардың шамамен үштен бірі кеш қоныс аударушылар үшін, қалғаны - босқындар мен көшіп-қонушылардың басқа да санаттары үшін сақталған. Жалпы алғанда Фридланд лагерінде тұрып, бейімдеу және интеграциялау шараларымен 4 млн жуық адам қамтылған.

2024 жылдан бастап репатрианттар қоныстанатын жерді өз қалауы бойынша таңдайды. Енді қоныс аударушы сауалнаманы толтырғанда, өзінің жаңа өмірін бастағысы келетін жерді немесе қаланы көрсетуі керек. Осыған сәйкес, билік өкілдері мүмкіндігінше қоныс аударушыны қалаған жеріне орналастыруға тырысады.

Лагерьде тіркеу үрдісі аяқталғаннан кейін «кеш қоныс аударушының» тіркеу куәлігін (Registriarschein) және қоныстанатын жеріне жету үшін тегін жол жүру билеттері беріледі. Сонымен қатар, лагерьдің кассасынан Фридландқа дейінгі жол шығындарын ішінара өтеу мақсатында әр отбасы мүшесіне 102€ беріледі.

Этникалық оралмандарға берілетін әлеуметтік жеңілдіктер оларға интеграция және бейімделу үрдісін сәтті еңсеруге мүмкіндік береді. Германия этникалық репатриация үрдістерін келесі факторлармен ынталандырған:

- экономикалық дамыған мемлекет;
- жеңілдетілген салық салу, кәсіпорындарды тіркеу формасы ыңғайлы және бизнес секторы үшін күрделі емес шарттар;
- жоғарғы оқу орындарында тегін оқыту.

Жалпы репатрианттардың тарихи отанына көшіп келуіне экономикалық себептер түрткі болады. Олар тұрақты жұмыс табуға және өмір сүру сапасын жақсартуға үміттенді [10, 623 б.]. Алайда, бұрынғы Кеңес Одағы елдерінен келген қоныс аударушылардың басым көпшілігі ана тілін білмеуі, Германияда сәтті әлеуметтенуіне айтарлықтай кедергісін тигізеді.

Германияда кеш қоныс аударушылардың білім беру мекеме-ұйымдарына түсуіне бірқатар жағдайлар жасалған. Бұл ретте репатрианттардың белгілі бір тобы үшін қабылдау ережелері бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Оның негізгі айырмашылығы неміс жоғарғы оқу орындарына оқуға түсуші мектепті келу елінен немесе Германияда аяқтағанына негізделеді. Егер қоныс аударушы бірден неміс жоғарғы оқу орнына түсу үшін мектеп білімін келу елінен алса, онда институтта немесе университетте кем дегенде 2 жыл білім алуы керек.

Кеш қоныс аударушылар неміс төлқұжатын алып, арнайы ведомствоға (Bezirksregierung) білімін растау үшін құжаттарын (академиялық анықтама және т.б.) бере алады. Егер қорытынды емтихан жөніндегі құжаттары жарамды деп танылса, онда одан әрі Германияда гимназияны бітірген тұлғалар сияқты әрекет етуіне болады. Сондай-ақ, оқу орнына түсу үшін неміс тілінен емтихан тапсыру керек (DSH). Бұл емтихан өте күрделі. Сондықтан тыңғылықты дайындықты талап етеді.

Осы ретте, қоныс аударушылардың арасындағы жастардың істерімен айналысатын және оларға жоғарғы оқу орнына түсуге көмектесетін «Отто-



Бенеке» қорына («Otto-Benecke» foundation) жүгіну ең жақсы нұсқа болып табылады. Бұл қордың кемшілігі – білім алушы ұзақ мерзімді курстарға қатысу үшін көп күтуі қажет. Ол кейде бірнеше айға да созылуы мүмкін.

Қоныс аударушылар арасында денсаулығына байланысты науқасы бар адамдар арнайы қызметтерді, жәрдемақыларды, сондай-ақ бала тууына байланысты әлеуметтік өтемақыларды алуға құқығы бар. Ол үшін қоныс аудару өңірлерінен шыққан сәтке дейін келесі жағдайларда ғана ұсынылады:

- 1) жалданып жұмыс істегендер;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарында ұсталғандар;
- 3) жеке еңбек қызметімен айналысқандар;
- 4) заң бойынша міндетті әскери борышын өтесе;

5) егер оларға еңбек қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде кедергі келтірілсе, яғни, жалданбалы жұмысқа еш жерде қабылдамаса және жеке еңбек қызметімен айналыспаса. Сонымен қатар, олардың ұлттық қатыстылығына байланысты демократиялық құқықтарға сыймайтын қудалаушылыққа ұшырағандарға.

Ауырған кезде немесе босануға байланысты жәрдемақы алу құқығы бар адамдар оларды қоныс аударушыларды ассимиляциялау үшін материалдық көмек мөлшерінде алады. Төлемдерді тұрғылықты тұратын жері бойынша жалпы ауруханалық сақтандырудың жергілікті қорына жүзеге асырады.

Кеш қоныс аударушыларға Үкімет тарапынан ауыл шаруашылығы, қолөнер және басқа да қызметтерді жүзеге асыру үшін жеке кәсібін тіркеуге, дамытуға байланысты ауыртпалықтарды жеңілдетуге қолдау көрсетеді. Бұл мақсатқа төмендетілген пайыздық мөлшерлемелерде жеңілдетілген несие беру қарастырылған. Егер репатрианттар арасында жеке кәсібін сәтті жүргізген және осы салада өзінің жетекшілігімен ізбасарларының пайда болғанын дәлелдесе, онда тұрақты тұратын жері бойынша сауда-өнеркәсіп палатасының реестріне тіркелуге өтініш жасай алады. Айта кету керек, Федералды Үкімет тарапынан жүргізіліп отырған әлеуметтік-нарықтық саясат жеке кәсіпкерлерге біршама қиындықтар да туындатуда. Оның ішінде әлеуметтік кепілдіктердің жоғары болуынан неміс компаниялары таза пайдасының 40%-ын еңбек ақыны төлеуге және әлеуметтік қорларға жарна аударымдарын өтеуге жұмсайды. Бұл өз кезегінде капиталы аз жеке кәсіпкерлердің нарықта тұрақты қызмет етуіне тұсау болатыны анық.

Жалпы, қоныс аударушылардың әлеуметтік өмір сүру деңгейі «орташа» деп сипатталады. «Ресейлік немістер» еңбек нарығында белсенді. Олар көбінесе жоғары кәсіби біліктілікті талап етпейтін салаларда жұмыспен қамтылған. Қазіргі таңда Украина және Таяу Шығыстағы шиеленісті жағдайлардың салдарынан жаппай мигранттар ағымының көбейгендігіне қарамастан, Германиядағы еңбек нарығы тұрақты сипатталады.

### **Қорытынды**

Зерттеу тақырыбына сәйкес жүргізілген жұмыстардың қорытындысына сәйкес, авторлар Германиядағы көші-қон процестерінің үш толқынын атап өтеді.

1) Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесі бойынша қоныс аударушы немістер;

2) Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тарихи отанына қайтып келген репатрианттар және олардың отбасы мүшелері;

3) Әлемнің үшінші елдерінде болған саяси және әскери жағдайлардың салдарынан көшіп келуші босқындар.

Соңғы жылдары еңбек нарығында босқын иммигранттар санының өсуіне байланысты этникалық қоныс аудару бағдарламасы белсенділігін төмендетті. Сонымен қатар, елге келетін босқындарға әлеуметтік төлемдер жасау үшін Федералдық және муниципалдық бюджетке түсетін жүктемені біршама көбейтіп отыр.

Зерттеу бойынша кеш қоныс аударушылардың бейімделу кезіндегі алғашқы іс-әрекеттерін анықтауға мүмкіндік туындады. Оған мемлекеттік мекемелердегі тәртіп ережелерін сақтау, аты мен тегін өзгерту (неміс транскрипциясына көшу), құжаттау және есепке қою, неміс тілін үйрену, банктік шот ашу, тұтынушылық несие алу, жүргізуші куәлігін алуға емтихан тапсыру, әлеуметтік сақтандыру, тұрғын үй мәселелері, балаларды балабақша мен мектептерге орналастыру, балаларға арналған жәрдемақылар, медициналық сақтандыру және профилактикалық медициналық егулер, мүгедектерге арналған көмектерді алу, зейнетақылық сақтандыру, жоғары оқу орындарында оқыту, кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру, сайлауға қатысу және әскери міндет, заң қызметтерін алу және басқалары жатады.

Жүргізілген зерттеуге сәйкес немістердің Германияға көшуінің негізгі себептеріне: отбасылық жағдайлар, өмір сүру деңгейін жақсарту, неміс зейнетақысын алу, жақсы білім алуға ұмтылу және өзін-өзі тұлғалық дамыту (жас немістер үшін әділ), тек содан кейін ғана тарихи отанына оралу жөніндегі ішкі ниеті мен ойын іске асыру болып табылады.

Қоныс аударушылар неміс тілін жеткілікті деңгейде білмегендіктен, тиісінше немістің байырдан келе жатқан дәстүрлі құндылықтарын игеру және мәдениетін сіңіру күрделі болды. Жағдайды түзету үшін билік органдары қоныс аударушылардың тілдік білімін арттыруға (тілдік курстарға міндетті түрде бару), жұмысқа және оқу орындарына қабылдауға жәрдемдесуге, тұрғылықты жері бойынша халық арасында өзара түсіністікті реттеуге бағытталған түрлі интеграциялық жобаларды жүзеге асыру қажет деп санаймыз.

Халықаралық қатынаста белгілі аймақтардағы шиеленісті жағдайлар Германия экономикасына бірқатар қиындықтарды туғызуда. Қазіргі таңда энергетика көздерінің тапшылығы, сауда-экономикалық байланыстардың төмендеуі, зейнетақы және әлеуметтік реформалары, көші-қон дағдарысы және тағы да басқа сыртқы және ішкі факторлардың салдарынан этникалық репатрианттардың қоныс аударуы үрдісі мемлекет тарапынан қолдау экономикалық тұрғыдан тиімді болмай тұр, дегенмен болашақта бұл үдеріс өз жалғасын табады деген пайымдау жасауға болады.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Zeveleva O. Political aspects of repatriation: Germany, Russia, Kazakhstan. A comparative analysis // Nationalities Papers: The Journal of Nationalism and Ethnicity. – 2014. – vol. 42. – Issue 5. – P. 808-827.

[2] Köppen B. Self-attribution and identity of ethnic-German SpätAussiedler repatriates from the former USSR: an example of fast-track assimilation? // Nationalities Papers: The Journal of Nationalism and Ethnicity. – 2018. – vol. 46. – Issue 1. – P. 105-122.

[3] Einfeld A. Die Russlanddeutschen.- Muenchen: F.A. Herbig Verlagsbuchhandlung, 1992. – P. 224.

[4] Сейткалиев Р. Эмиграция немцев до и после распада СССР в Германию. Интеграция и её результаты // Научно-аналитический вестник Института Европы РАН. – 2018. - № 6. – 99-105 бб.

[5] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы // Қазақстан Республикасындағы ұлттық құрамы, діни наным және тілдерді меңгеруі. – Алматы, 2023. – 542 б.

[6] Skrentny J., Chan S., Fox J., Kim D. Defining Nations in Asia and Europe: A Comparative Analysis of Ethnic Return Migration Policy // International Migration Review. – 2007. – vol. 41. No. 4. – P. 793–825.

[7] Қобландин Қ. Диаспоралық қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл және оларды қолдаудың халықаралық тәжірибесі. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 529 б.

[8] Gesetz über die Angelegenheiten der Vertriebenen und Flüchtlinge (Bundesvertriebenengesetz - BVFG). 2023. <https://www.gesetze-im-internet.de/bvfg/BJNR002010953.html>

[9] Verordnung über die Durchführung von Integrationskursen für Ausländer und Spätaussiedler (Integrationskursverordnung - IntV) // Zuletzt geändert durch Artikel 1. – 2023. No. 16.

[10] Tsuda T. Ethnic Return, Migration and the Nation-State: Encouraging the Diaspora to Return «Home» // Nations and Nationalisms. – 2010. – vol. 16. Issue 3. – P. 616–636.

## REFERENCES

[1] Zeveleva O. Political aspects of repatriation: Germany, Russia, Kazakhstan. A comparative analysis. Nationalities Papers: The Journal of Nationalism and Ethnicity, 2014, vol. 42, Issue 5, pp. 808-827.

[2] Köppen B. Self-attribution and identity of ethnic-German SpätAussiedler repatriates from the former USSR: an example of fast-track assimilation? Nationalities Papers: The Journal of Nationalism and Ethnicity, 2018, vol. 46, Issue 1, pp. 105-122.

[3] Einfeld A. Die Russlanddeutschen. Muenchen: F.A. Herbig Verlagsbuchhandlung, 1992, p. 158.

[4] Sejtkaiev R. Jemigracija nemcev do i posle raspada SSSR v Germaniju. Integracija i ejo rezultaty [Emigration of Germans to Germany before and after the collapse of the USSR. Integration and its results], Nauchno-analitcheskij vestnik Instituta Evropy RAN, 2018, No. 6, pp. 99-105 [in Rus.].

[5] Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau және reformalar agenttiğı Ұлттық статистика бюросы, Qazaqstan Respublikasyndaғы ұлттық құрамы, dini nanymy және тилдерді меңгеруі [National composition, religion and language proficiency in the Republic of Kazakhstan], Almaty, 2023, p. 542 [in Kaz.].

[6] Skrentny J., Chan S., Fox J., Kim D. Defining Nations in Asia and Europe: A Comparative Analysis of Ethnic Return Migration Policy. International Migration Review. – 2007, vol. 41, No. 4, pp. 793–825.

[7] Qoblandin Q. Diasporalyq қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл және оларды қолдаудың халықаралық тәжірибесі [International experience of interaction and support of diaspora communities], Nur-Sultan, 2020, p. 529 [in Kaz.].

[8] Gesetz über die Angelegenheiten der Vertriebenen und Flüchtlinge (Bundesvertriebenengesetz - BVFG). [Law on the Affairs of Displaced Persons and Refugees], - 2023 <https://www.gesetze-im-internet.de/bvfg/BJNR002010953.html> [in Ger].

[9] Verordnung über die Durchführung von Integrationskursen für Ausländer und Spätaussiedler (Integrationskursverordnung - IntV). [Ordinance on the implementation of integration courses for foreigners and repatriates], Zuletzt geändert durch Artikel 1, 2023. No. 16. [in Ger].

[10] Tsuda T. Ethnic Return, Migration and the Nation-State: Encouraging the Diaspora to Return «Home». Nations and Nationalisms, 2010, vol. 16, Issue 3, pp. 616–636.

## ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ПРОЦЕССА ЭТНИЧЕСКОЙ РЕПАТРИАЦИИ В ГЕРМАНИИ

\*Менлибай Е.К.<sup>1</sup>, Кобландин К.И.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> докторант кафедры регионоведения факультета международных отношений, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан  
e-mail: [erkebulanmenglibayev@gmail.com](mailto:erkebulanmenglibayev@gmail.com)

<sup>2</sup> доктор исторических наук, профессор, кафедра регионоведения факультета международных отношений, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан  
e-mail: [kkalybek@mail.ru](mailto:kkalybek@mail.ru)

**Аннотация.** В настоящее время система международных отношений начинает стремительно меняться из-за нестабильности ситуации. Необходимо отметить, что этому способствовали военные конфликты между Российской Федерацией и Украиной, Палестиной и Израилем, а также другие напряженные ситуации в Ближневосточном регионе. Воспользовавшись этими обстоятельствами, некоторые государства активно проводят косвенную политику присоединения к себе земель в регионах густонаселенных диаспор, расположенных за пределами их границ. Так начинается процесс формирования «титупной нации». А также, в поисках путей национальной идентичности формируется новая волна этно-национализма. Поэтому возросла важность проведения политики этнической репатриации. На сегодняшний день более 40 стран мира ведут целенаправленную, эффективную работу в этом направлении. В том числе Германия была одной из первых стран, которая начала этническую миграцию после Второй мировой войны. На международной арене их опыт в политике репатриации оценивается положительно.

В связи с этим, в данном исследовании авторы проводят комплексный анализ государственному регулированию политики репатриации в Германии. Будут изучены принятые национальные законы и программы по документированию, адаптации и социальной поддержке лиц немецкой национальности, переселяющихся на историческую родину. Кроме того, будет проведен обзор интеграционных работ, организуемых через неправительственные организации. Рассматриваются экономические, социальные последствия репатриации. В целом, характеризуются все стадии государственной поддержки иммигрантов на историческую родину. Будут анализированы плюсы и минусы организации этнической миграции в исследуемой стране. Будут применены общенаучные подходы и методы изучения опыта Германии по государственной поддержке этнических репатриантов.

**Ключевые слова:** этника, репатриация, миграция, немецкая национальность, поздние переселенцы, русские немцы, адаптация, интеграция, Германия

## THE STATE REGULATION OF THE PROCESS OF ETHNIC REPA TRIATION IN GERMANY

\*Menglibay Ye.K.<sup>1</sup>, Koblandin K.I.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> Doctoral student of the Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

e-mail: [erkebulanmenglibayev@gmail.com](mailto:erkebulanmenglibayev@gmail.com)

<sup>2</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan

e-mail: [kkalybek@mail.ru](mailto:kkalybek@mail.ru)

**Abstract.** Currently, the system of international relations is beginning to change rapidly due to the instability of the situation. It should be noted that military conflicts between the Russian Federation and Ukraine, Palestine and Israel, as well as other tense situations in the Middle East region contributed to this. Taking advantage of these circumstances, many countries are actively pursuing an indirect policy of annexing lands in regions of densely populated diasporas located outside their borders. This is how the process of forming a "titular nation" begins. And also, in search of ways of national identity, a new wave of ethno-nationalism is being formed. Therefore, the importance of ethnic repatriation policy has increased. Today, more than 40 countries of the world are working purposefully and effectively in this direction. Germany was one of the first countries to begin ethnic migration after World War II. In the international arena, their experience in repatriation policy is evaluated positively.

Due to this, in this study, the authors conduct a comprehensive analysis of the state regulation of repatriation policy in Germany. It will be studied the adopted national laws and programs on documentation, adaptation and social support of people of German nationality resettling to their historical homeland. In addition, a review of integration work organized through non-governmental organizations will be conducted. The economic and social consequences of repatriation are considered. In general, all stages of state support for immigrants to their historical homeland are characterized. The pros and cons of organizing ethnic migration in the studied country will be analyzed. General scientific approaches and methods of studying the German experience in state support of ethnic repatriates will be applied.

**Key words:** ethnicity, repatriation, migration, German nationality, late immigrants, Russian Germans, adaptation, integration, Germany

*Статья поступила 07.02.2024*